

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге берілген өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 376 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қазандағы № 1368 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 727 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 727 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге берілген өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 376 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 17, 177-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге берілген өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу ережесінде:

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

« 7 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін жалпы тәртіппен бекіту кезінде кемінде күнтізбелік о н б е с к ү н б ұ р ы н ;

2) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес бекіту кезінде кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын жария тыңдауларды өткізу күні мен орны туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады және мерзімді баспасөз басылымдарында

ж а р и я л а й д ы . » ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . Ж а р и я т ы ң д а у л а р :

табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) шекті деңгейлерін бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік он бес күннен к е ш і к т і р м е й ;

табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей;

шағын қуатты табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік бір күннен кешіктірмей өткізіледі.».

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С. Ахметов